



ҚАУЛЫ

08.08.2023

118

ПОСТАНОВЛЕНИЕ

**Маңғыстау облысының денсаулық сақтау басқармасының  
«Жұқтырылған иммун тапшылығы синдромының алдын алу  
және оған қарсы күрес жөніндегі Маңғыстау облыстық орталығы»  
шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық  
кәсіпорнының атауын өзгерту туралы**

Қазақстан Республикасының Азаматтық Кодексіне, Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы», «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңдарына, Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2022 жылғы 4 шілдедегі № 533 «АИТВ инфекциясының профилактикасы саласындағы қызметті жүзеге асыратын денсаулық сақтау ұйымдарының қызметі туралы ережені бекіту туралы» бұйрығына сәйкес Маңғыстау облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Маңғыстау облысының денсаулық сақтау басқармасының «Жұқтырылған иммун тапшылығы синдромының алдын алу және оған қарсы күрес жөніндегі Маңғыстау облыстық орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны Маңғыстау облысының денсаулық сақтау басқармасының «Маңғыстау облыстық АИТВ-инфекциясының алдын алу орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны (бұдан әрі – Кәсіпорын) болып атауы өзгертілсін.

Кәсіпорынның тұрған жері: 130001, Қазақстан Республикасы, Маңғыстау облысы, Ақтау қаласы, 3 шағын аудан, 170 ғимарат.

2. Қос беріліп отырған Кәсіпорын Жарғысы бекітілсін.

3. «Маңғыстау облысының денсаулық сақтау басқармасы» мемлекеттік мекемесі заңнамада белгіленген тәртіппен Кәсіпорынды «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясында мемлекеттік қайта тіркелуін қамтамасыз етсін және осы қаулыдан туындайтын өзге де шараларды қабылдасын.

4. «Маңғыстау облысының қаржы басқармасы» мемлекеттік мекемесі мемлекеттік мекемелер мен кәсіпорындардың, жарғылық капиталына мемлекет қатысатын заңды тұлғалардың Тізіліміне тиісті өзгеріс енгізсін.

5. Осы қаулының орындалуын бақылау Маңғыстау облысы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

Маңғыстау облысының әкімі (



Н. Ноғаев